



Құрметті әріптестер, Құрметті, нәзік жанды арулар!

Сіздерді ару көктемнің шұғылалы мерекесі 8 наурыз — Халықаралық әйелдер күнімен шын жүректен құттықтаймын!

Ізгі ниет пен сұлулыққа, сырбаз сезім мен сыйластыққа толы осы күн жан-дүниені жадыратып, жүректерге жылу береді.

Сіздерді мерекелеріңізбен құттықтай отырып, зор денсаулық, отбасыларыңызға бақ-береке, еңбектеріңізге табыс тілеймін!

Басқарма төрағасы - ректор
Бейбіткүл Каримова



СҰЛУЛЫҚ - АДАМНЫҢ ЖҮЗІНДЕ ЕМЕС, ЖҮРЕГІНДЕ

Ақпаратқа толы қазіргі уақытта әйел затының құлпырып жүруі ер-азаматтардың көңіл бөлуіне, ал ер-азаматтардың табысты, тіршілігінің сәтті болуы тікелей нәзікжандыларға байланысты екендігі жиі айтылып жүр.

Яғни арадағы сыйластық көптеген жайттың шешімі болмақ деген сөз.

Жалпы ер-азаматтар әрдайым айналасындағы көріктілерге қамқор болып жүретіні рас. Мерекеге орай университет ғалымдары ұжымдағы барша қыз-келіншектерге өздерінің жүрекжарды тілектерін арнады.

1. Сіз үшін әйел сұлулығы қандай?

2. Мерекелік тілек...

Кәсіподақ ұйымының төрағасы Айтжан Оразбақов: 1. Шындығына келсек, ер-азаматтар сұлулыққа аса құмар екендігі жасырын емес. Иә, әсемдікке қызығады, шығармашылыққа жақын жандар әдемілікке тамсанып түрлі өнер туындыларының өмірге келетініне де мысал баршылық.

Алайда түптеп келгенде, өмірлік серік етуге таңдау жасағанда жан сұлулығына мән берілетіні шындық. Мен де әйел затының бойындағы жан сұлулығын, адамгершілік құндылықтарын, адалдығын жоғары бағалаймын, құрмет тұтамын.

2. 8 наурыз халықаралық әйелдер мерекесіне орай университет ұжымында қызмет етіп, білім алып жүрген барлық нәзікжандыларды құттықтай отырып, отбастарына амандық, дендеріне саулық, шат-шадыман көңіл, ұзақ өмір тілеймін.

Тұла бойларында тән сұлулығы мен жан жылуы тең түсіп айналасын нұрға, жырға бөлеп жүре берсін!

«Аграрлық технологиялар» кафедрасының аға оқытушысы, ауылшаруашылық ғылымдарының докторы, мемлекеттік «Құрмет» орденінің иегері Тауенов Ибадулла Айғалиұлы:

1. Нәзік жандардың ең бірінші жаны сұлу болу керек, ол мінезі сыпайы, салмақты, инабатты, адамгершілік қасиеттері жоғары, өзін өзгелерден

жоғары ұстамайтын, менмен емес жанды тәрбиелі әйел деп білемін. Адамның бет пішінін, дене бітімін Алла тағала жаратады, сондықтан беті жылтырағанның бәрін сұлу деуге болмайды.

2. Көктемнің алғашқы айы Наурыз – жыл басы, осы айдың 8 жұлдызы Халықаралық әйелдер күні аймағымыздағы ғылым мен білімнің, өнер мен спорттың қара шаңырағы Қорқыт Ата атындағы Қызылорда университетінде қызмет атқаратын нәзік жанды әріптестерімді мерекемен құттықтай отырып, зор денсаулық, қажымас қайрат, ұзақ өмір, шығармашылық табыс тілеймін. Университетіміздің абыройы, жетістіктері арта берсін демекпін.

«Биология, география және химия» кафедрасының қауымдастырылған профессоры, Биология ғылымдарының кандидаты Құрманбаев



Рахат Хамитұлы:

1. Әр әйел адамға өзгеше табиғи сұлулық тән. Себебі, әр сұлу ол Жаратушының қылқаламмен салынған қайталанбас сұлулықтың шедеврi. Ал ер-азаматтың миссиясы сол сұлулықты көру, байқау, жүрегінде сақтау, бағалау және сүю.

2. Құрметті арулар сіздерді халықаралық әйелдер мерекесімен құттықтаймын.

Отбастарыңызға амандық, дендеріңізге саулық тілеймін. Әсемдік үшін жаралған жандарыңыз қуанышқа толы болсын. Жандарыңызда жүрген білектілер мен жүректілер Сіздердің тілдеріңізді түсінгенін және сіздердің тыныштықтарыңызды тілеймін. Себебі, әйел тыныш болса, әлем тыныш болады. «Әлемнің тілін білгің келсе, әйелдің тілін біл» деген сөз бекер емес.

Физика және математика білім беру бағдарламасының доценті Калиев Бақыт Қалиұлы:

1. Қазақ халқы қызды болашақ ана, шаңырақтың берекесі деп, оның тәрбиесіне мән берген. Пайғамбарымыз «Кімнің үйінде қыз болса, ол үйге күн сайын көктен он екі береке түседі, ол үйге періштелер тынбай келіп тұрады» – деуі бекер болмаса керек.

«Ізгілік атаулының бәрі күннің нұры мен ананың ақ сүтінен жаралған» – дейді дана халқымыз. Ана – тіршіліктің алтын арқауы. Асыл ана туралы қажетті де құдіретті сөздер, аңыз әңгімелер жеткілікті. «Жәннат – ананың табанының астында» деген қасиетті хадисте. Осы сөздердің астарында теңіздей терең мағына жатқаны аян.

2. Қымбатты арулар! 8 наурыз – Халықаралық әйелдер күніне байланысты шынайы құттықтауым мен тілегімді қабыл алыңыздар. Әйел – ана – өмірдің өзегі, тіршіліктің күре тамыры, ыстық ықылас пен ыждаһаттың, пәктік пен тазалықтың қайнары. Шығыста: «Әйел бір қолымен бесікті тербетсе, екінші қолымен әлемді тербетеді» дейді. Тәуелсіз еліміздің ұл – қыздарын тәрбиелеп, азаматтарға сенімді тірек болып, университеттің барлық жұмыстарына білек сыбана араласып жүргендеріңіз үшін әйел қауымына алғысым шексіз.

Жанарларыңыз әрдайым нұр пашып, жүздеріңіз күндей күлімдеп жүрсін! Көңілдеріңіз көктемдей көрікті болсын! Зор денсаулық, мәңгі жастық пен сұлулық тілеймін!

Даналар да аналардан жаралады

Жаратылыс атаулыға жан бітіріп, нәр беретін «ана» атауы қасиетті ұғым. Бұл тақырыпта кез-келген жан тебірене толғанатыны сөзсіз. Әсіресе, өскелең ұрпаққа аға буынның ана турасындағы әңгімелері қызықты болары анық. Осы орайда көктеммен қатар келген әйелдер, аналар мерекесі қарсаңында университеттің көшін бастап жүрген ер-азаматтардан өз аналары жөніндегі ой-пікірлерін сұрастырған едік. Кейіпкерлеріміздің аналары жөніндегі ақпараттарды оқырмандар назарына ұсынамыз.

Анаға тағзым (анаңызбен түскен балалық шақтан бір фото)

1. Анаңыз туралы (таныстыру, анаңыздың қандай қасиеттерін бағалайтын едіңіз, анаңыз әзірлеген қандай асты жақсы көретін едіңіз?):

2. Ана өнегесі:

3. Анаңызды қуантқан немесе ренжіткен сәтіңіз:

4. Анаңызға ақ тілегіңіз:

Басқарма мүшесі – әлеуметтік және тәрбие жұмыстары жөніндегі проректор Базартай Жан-дос Нұртайұлы: Перзенті үшін түн ұйқысын төрт бөліп, өсіріп, мәпелеп, аялап, дұрыс азамат болуына жол көрсететін, адамға рухани дем беретін бір адам болса ол ана. Менің де өмірімде анамның алатын орны ерекше. Анам



өте керемет жан. Еліме адал еңбек етуіме, білімді болуыма әуелі Алла, сосын ата-анам, әсіресе анамның өнегесі өте маңызды деп айта аламын. Кішкентайымыздан ешкімнің ала жібін аттама, наныңды адал же, «Ақ болсаң алла саған жақ болады», таза жүр, достыққа берік бол - деп тәрбиелейтін. Соның арқасында өз ортамызда, қоғамда елге қызмет жасап жүрміз. Оқуға түсер уақытта та, мектеп оқушысы болған кездері де оқуға дайындалып, мемлекеттік грантты жеңіп алуыма анамның еңбегі зор деп айтсам болады. Күнделікті сабақтан келгеннен кейін «балам бірінші сабағыңды оқы. Білімді болсаң, көпке жетесің, бәсекеге қабілетті боласың, оқыған адам ғана биікке жете алады. Армандарыңның өте көп екенін білемін, оған тек біліммен, еңбекпен жетесің» - деп айтып отырудан танабайтын. Қанша жерден есейіп, қызметке араласып, қоғамда орныңды белгілегенмен, үйде тақымын қысып тілекші болып отыратын анамыз қайда жүрсек те тілеулес, кеңесшіміз. Ол кісі өз еңбегіне адал жан. Қызметкер болмаса да, қоғам қайраткері болмаса да менің анам мен үшін ең қадірлі, ең тұлғалы кісі. Осындай анамның болғаны маған зор мәртебе. Қазақта батыр аналар көп болған. Мен үшін де анам батыр ана. Өмір жасы ұзақ денсаулығы мықты болсын. Аналардың, қыз-келіншектердің мерекесі құтты болсын. Қуанышты күндеріміз көп болсын. Еліміз аман, тірлігіміз берекелі-мерекелі, әйел-аналарымыздың көңілдері шаттыққа толсын.

Дүйсенбаева Қалила Қалдыбайқызы 1966 жылы сәуір айында Шиелі ауданы, Тартоғай ауылында дүниеге келген. Анамды бірнеше қырынан сипаттауға болады. Ана ретінде өте қамқоршы, перзенттеріне дұрыс тәрбие бере алған тұлға ретінде есептеймін. Ағайын-туыстың ортасында ибалы, инабатты келін,

әкемнің адал, әрдайым қолдаушысы болып жүрген жары. Біз үш ағайындымыз. Өзімнен кейін артымнан ерген Айдос, Елдос есімді 2 бауырым бар. Есімде, бала кезімізде 8 наурыз мерекесіне ақ параққа гүл салып анамызға сыйлық жасағанымызға мәз болатынбыз. Анамыз да соны баға жетпес сыйдай қабылдап, алғысын айтып, бауырына басып, кейде тіпті көзге жас алатын. Соны әлі күнге дейін айтады.

Тағы бір айта кететінім, анам өте кішіпейіл, шүкіршілігі мол, кешірімшіл жан. Үйде келіні болса да үй шаруасына өзі араласып кете береді. Кейде балалықпен ренжітіп қойып жататын кездер болады. Сондай кездері барып құшақтап, кешірім сұрасаң, «айналайындар ешкімге зияндарың тимесін, әрдайым жолдарың ашық болсын» деп бәтесін жаудыра жөнеледі.

Анашымға иіліп тұрып тағзым етемін. Ананың сенімін ақтау, ол елдің сенімін ақтау. Өйткені, ұрпақтары аналардың батасымен, ықыласымен биіктерден көрінген.

Мерекеден ғана емес аналарымызды күнделікті құрметтеуге дайынбыз.

Гуманитарлық-педагогикалық институтының директоры, тарих ғылымдарының кандидаты, доцент Тайман Сағат Тамшыбайұлы:



1. Әркімнің өз анасына деген махаббаты шексіз. Ана - әрбір адамның жарық дүниедегі ең жақыны, жанашыры, қадірлісі, қамқоршысы, ардақтысы. Өзінің жағдайына қарамаса да, баласына бәйек болады. Өз аузынан жырып бар тәтті - дәмдісін, жылы жұмсағын баласына қояды. Анам - Күлдәрі Тайманова (1928-2005) әкем Тайманов Тамшыбай (1923-2003) майданнан оралған соң 1947 жылы 25 ақпанда екеуі жүрек қалауымен қосылыпты. Анам 11 құрсақ көтерген, 10 баланы тәрбиелеп өсірген Батыр ана. Анам өте еңбекқор, үй шаруасымен айналысып, бірді екі ететін, өте ұқыпты, бейнеткеш кісі болатын. Қазақы дәстүрмен ата-әжемнің алдында анамызды - «апа», әкемізді «аға» деп атап өстік. Анам ауылда жұмысшылар асханасында жұмыс істей жүріп, үйдің де, түздің шаруасын тындырып жүретін. Анамның қай уақытта да қолы ашық, көрші қолаңмен барын бөлісіп отыратын. Абысын-ажындарына, қайынаға, қайын апа-сіңлілерімен әдемі сыйластықта болды. Малдың, құстың жүнін де тастамайтын, бәрін ұқыптылықпен пайдаланатын. Қой жүнін тазалап, түрлі түске бояп, оны тарап, ұршық иіретін, текемет басады, кілем тоқытатын. «Ертең шешемнің көзі» деп айтасындар деп әр балаға екі кілемнен (бір түкті, екіншісі-шегірен кілем) тоқытып берді. Кішкентай тігін машинасымен көрпе, көрпеше, жастық тысы тігіліп, әр баланың еншісіне деп төсек, құс жастықты өзі дайындайтын. Жазда отбасымызбен бірге қауын, картоп егіп, совхозға қауын пунктіне тәтті күләбі қауындарын өткізетін едік, одан тапқан ақша біздің отбасымыздың қажеттілігіне жұмсалатын. Сол еңбектің бас қасында анам жүретін. Жазда анамның өзі бастап ерге ектіретін әңгелегі, әміре қауынының тәттілігі сондай немерелері жегенде тек жұқа қабығы ғана қалатын. Өзінен кейінгі келіндер, өз келіндері анамнан көп үлгі алатын. Әкем

қызметте болғандықтан үйден қонақ үзілмейтін еді. Ауданнан келген уәкілдер, ақын-жазушылар, әртістер көбіне біздің үйге тоқтайтын. Апам қонақтарды бар ықыласымен қарсы алып, құдайдай күтетін, тағамның неше түрін пісіретін еді. Сонымен қатар, анам ешуақытта ерінбейтін, үй әр уақытта тап-таза тұрады, киімді де жинақы киінетін, біздің де солай жүруімізді талап етіп, ұқыптылыққа үйретті. Тамақты да ерекше дәмді пісіретін. Апамның дәстүрлі ет тамақ, қуырдақтан бөлек, шоққа пісетін қазан жаппасы, май сөгі мен өзі диірменмен тартқан талқан, женті, сексеуілдің шоғына пісіретін таба наны, құрт, ірімшігі, қауыннан істелетін қағы мен қауын, пал құрттары, қырғауыл етінен істеген лапшасы, асылған, қуырған түрлі балық тағамдары (PS: анам балықшының келіні болған), сары май салынған сүтке піскен сыр күрші ерекше еді. Үйдің кенжесі болғасын мені ерекше «Ақсақаным» деп еркелететін. Туған күнімде арнайы мейіз қосқан дәмді паллау істейтін еді. Мектепте оқып жүргенде таңғы сағат 8.00-дегі сабаққа бару үшін сағат 7.00-де бізді дайын шайға тұрғызатын. Таңғалатыным, сағат жетіде тұрып апама көмектесе қояйын десем, ол кісі оған дейін малды жайғап, сиырларды сауып, өріске айдап, 7 литрлік самаурынды сексеуіл шоғына қайнатып, дастарқанда шоққа піскен ыстық таба нанға қолдың сары май салынып, сапар кеседен қатық құйылып дайын тұратын. Анам ұйытқан қатыққа шай қасықты салсаңыз құламай тік тұратын. Сонда анамыз таңғы сағат 5.00-де тұрып, үй шаруасына кіріседі екен. Анам дайындаған таңғы асты ішіп алып, мектепке қарай жүгіретінмін.

2. Апам бар пейілін балаларына арнаған жан. Әр уақытта балаларының сабақты жақсы оқуына бар жағдайды жасады, еңбекке де баулыды. Қыздардың барлығына үй шаруасынан бөлек, кілем тоқуды, тігін тігуді үйретті, ұлдарды егін егу, мал бағу, шөп шабу, отын жару секілді ер адам атқаратын тіршіліктерге баулып өсірді. Дастарханда отырғанда үнемі «Болашақ тек білімде, сабақтарыңды жақсы оқындар» - деп отырады - «Мен де мектепті үздік оқыдым, бірақ соғыс жылдары әрі қарай оқуға мүмкіндік болмады, тұрмыс құрған соң әкелерің оқысын деп шештім».

Анам бәрімізді халқымызға тән отбасы құндылықтарын сақтай отырып, тәрбиеледі, кез келген істе жасықтық танытуды жақтырмайтын. Егер әр отбасы жеке мемлекет десек, сол мемлекеттің іргетасын қалаушы басқарушысы, асыраушысы, асқар тауы - әке. Анамыз әруақытта әкеміздің қабағына қарап өсуге тәрбиеледі. «Әкеңнің атына кір келтірме», «Әкең жұмыстан келеді» бір мәселе төңірегінде «әкеңмен ақылдас», бір жаққа баратын болсаң «әкеңнен сұран» деген секілді қарапайым ғана тәрбиені біздің санамызға сіңіріп отыратын. Әкем мен анам бізге: «өмірде тек өзіңе сеніп, адал еңбегіңмен тіршілік ет; білім ал, ғылыммен айналыс, біз жетпеген жетістікке жет, адамгершілік өмір тіршілігіңнің басты нысанасы болсын; бауыр, туыстар арасындағы ауызбірлікті берік ұста, біреудің үстінен шағым жазба, жамандама. Өзің алған тура жолдан тайма, жасық болма; өз біліміңе, қабілетіңе лайық қызмет істе, өмірден өз үлесіңді, орныңды ала білуге тырыс; әр уақытта шүкіршілік қыл; ата-ананды еске алып, құран оқытып отыр» деген өсиеттерін жиі айтатын.

3. Анамды ренжіткен сәтім есімде жоқ. Анамды ренжітпеуге барынша тырысатынбыз. Анамыз балаларының әр жетістігіне қуанатын, онда да қуаныш сезімін ашық білдірмей, «шүкір, шүкір, тәубасын» айтып, құдайы күлшесін таратып, сол күні тәтті тағамдар

істейтін. Есімде, 1985 жылы мектеп бітірген соң жоғары оқу орнына түсуде жолым болмай, қалаға «СПМК-70» деген мекемеде қарапайым II-разрядты жұмысшы болып жұмысқа тұрдым. Алғашқы айлық аларда мекеме жұмысшыларға 3 кг-нан үнді шәйін қоса таратты. Сол шәйді және алғашқы жалақымды (60 сом) алып, ауылға түнемелетіп тартып кеттім. Келген соң алғашқы айлығымды, шәйімді анама бердім. Анам тебірене отырып, айналып, толғанып, маңдайымнан сүйді. Танертең үй-шаруасымен айналысып түске қарай үйге келсем, үй толған көше бойында тұратын көрші үлкен әжелер мен келіншектер. Ортада дастархан жайылып, самурын қайнап, тамақ бұрқырап піскен. Анам келген қонақтардың әр қайсысына мен әкелген екі пачка шәйдан, бір-бір орамалдан таратып үлгеріпті. Сөйтсем, анам қуанғаннан кенже баламның алғашқы еңбекпен тапқан табысы деп, үлкендермен бөлісіп, бәтесін алған екен. Әр баланың өскені, жетілгені ата-анаға үлкен қуаныш екенін өзіміз ата-ана болғанда сезіндік.

4. Құрметті әріптестер!!! Сіздерді халықаралық аналар күні 8 наурыз мерекесімен шын жүректен құттықтаймын. Құрметті арулар, осы бір тамаша мереке күні Сіздерге шексіз бақыт және зор денсаулық, шығармашылық табыс, шаңырақтарыңыз бен өмірлеріңіз жылулыққа толы болсын деп тілеймін.

Педагогика және дәстүрлі өнер институты директоры Мирманов Наку Бахаутдинұлы:



1. Анам - Мирманова Калима. Ұлты қазақ. 1957 жылы қыркүйек айының 22-ші жұлдызында Түркіменстан елі Чарджау ауылдық мекенінде қарапайым отбасында дүниеге келген. Анамның отбасында 8 қыз, 2 ұл бала. Анам үйдің үлкені. 1967 жылы Қызылорда облысы, Сұлтүбе елді мекеніне қоныс аударып, Ломоносов атындағы қазақ-орта мектебін тәмамдаған. Мамандығы – тігінші.

Анамның ерекше қарапайымдылығы, ақылдылығы, бауырмалдылығы секілді қасиеттерін аса құрметпен бағалаймын. Ол кісінің кез-келген дайындаған асын жақсы көремін, әсіресе анам әзірлеген лағман өте керемет.

2. Анам 40 жасында ене атанды. Әлі күнге дейін келініне өзінің бойындағы қасиеттерін үнемі айтып отырады. Қазақтың әрбір мақалында өмірдің шындығы бар. «Келіні жақсының керегесі алтын». Себебі, шаңырақтың беріктігі мен ынтымағы, отбасындағы ұл-қыздың ұлағатты тәрбиесі ене мен келіннің бойындағы жақсы да жағымды қасиеттермен астасып жатады. Демек, өнегелі ене мен ибалы келін ортасында сыйлы болуымен қатар ағайын-туыс арасындағы алтын көпір іспеттес.

3. Өзім куә болған анамның ең алғаш қатты қуанған күні, 1998 жылы сәуір айының 13-ші жұлдызында Гүлфайруз атты немересі дүниеге келген күн. Ренжіген сәттерін бізге білдірмейді ғой, жалпы. Негізі ренжітпеуге тырысамыз.

4. Кең пейілді, жаны жұпар, жанұямызға жылу болған Анамызға он сегіз мың ғаламның жақсылығын, дүниенің шуағын, өмірдің қызығын, жүрегіне Алланың нұрын тілейміз. Денсаулығыңыз қуатты, ғұмырыңыз шуақты болсын. Ұрпақтарыңыздың қызығы мен қуанышын көруге жазсын деп тілеймін.

Жаратылыстану институтының директоры, химия ғылымдарының кандидаты Ахатаев Нұрлыбек Ақарыстанұлы:



1. «Ана» деген сөзді естігенде кез-келген адам ерекше бір сезімді бастан кешеді. Тіршіліктің бастауы, өмірдің гүлі болған барша аналарды келіп жеткен атаулы мерекелерімен құттықтаймын!

Менің анам Сейт Дариха Шымбайқызы мен үшін өмірімдегі ең қымбат, ең жақын адам. Өзі көп балалы отбасынан шыққан, отбасы құндылықтарын бойына сіңіріп өскендіктен болар, бүгінде әрқашан балаларымен немерелерінің жанында болып, қажет кезде қолдап, көмектесіп келеді. Біздің әулетте барлығы анамды қатты жақсы көреді және мақтан тұтады. Алты ұлы мен көздің қарашығындай болған бір қызын дүниеге әкеліп, барлығын жетілдіріп отырған «Алтын алқа» иегері анамыз өте сұлу, ақылды, сабырлы, еңбекқор жан. Ол әрқашан өз мақсаттарымызға жетуге ұмтылдырып және халыққа қызмет жасауда адалдыққа тәрбиелеп отырады. Анам өзінің саналы ғұмырын ұстаздық жолға арнаған, бүгінде зейнетке шығып, барлығымызға қамқоршы, тілеуқорымыз болып отыр.

Бала күнімізде ауылдас балалармен бірге кішкентай арыққа барып, қолдан жасалған қармақпен майда-майда шабақтар ұстап әкелгенімізде анамыз ерінбей сол шабақтарды тазалап, тезектің шоғына көмген табаға пышыратып тұрып «табаға басқан балық» жасап беретін. Сексеуілдің шырпысының алаулаған отына шыжғырып тұрып қуырып алған бауырсағы да ерекше дәмді болатын. Айта берсе өте көп, барлығы да адал еңбекпен келген, өз анаңның қолымен дайындалғасын, әрине, дәмді болады. Шіркін-ай, сол кездегі дәмдер әлі күнге дейін есімнен кетпейді.

2. «Ана өнегесі-ұрпаққа ұлағат» дегендей анамыздың бойындағы атаның қаны-ананың сүтімен келген асыл қасиеттері ұрпағына берілетіні анық. Мен де бойымдағы жақсы қасиеттерімді сол кісілерге байланыстырамын. Санамызға өтірік, өсек, ғайбат, ащы тілмен сөйлеу, намысты қорлайтын сөздерді айтудың, алдап-арбау, алаяқтықтың жиіркенішті нәрсе екенін сіңірген, бөтен жарамсыз қылықтарға жек көрушілігімізді тудырғанын айтар едім. Егер бойымызда аталған жаман әдеттердің бірі байқала қалса, оның алдын алып, балаға қолдануға болатын тиісті жазалау жасайтын. Бұндай олықлыққа көз жұма қарау, онысын дер кезінде қолға алмау, болашақта зор өкініште қалдыруы мүмкін деп ойлағандықтан болар.

3. Әркез анамды қуантуға асығамын. Соның бірі менің университетті «үздік дипломмен» аяқтап, дипломым қолға тиісімен ауылға сол кездегі күніне бір рет қатынайтын автобуспен жетіп, қараша үйдің ішінде түскі астарын ішіп отырған жерінде кіріп келіп «қызыл» дипломымды ұстатқанда анам мен әкем қатты қуанған сәті есімде сақталыпты.

Ал, ренжіткен сәтім, бала күнімізде үйде ылғи ер бала болған соң үйдің шаруасын бөліп беретін-ді. Мен кейде өзіме тиесілі үй тазалау жұмысын жасап жүріп, арасында демаламын деп (кітап оқып, басқаның ісіне алаңдап, т.б.) аяқтамай қалатынмын. Мектептен шаршап келген анамыз ондай кездерде реніш білдіріп, ұрысатын.

4. Анашым, маған және менің бауырларыма сыйлаған өміріңіз үшін, мен үшін нұрлы да киелі тұлға болғаныңыз үшін, өмірімнің соңына дейін жүрегімде өмір сүретініңіз үшін рахмет! Мерекенізбен құттықтай отыра, Өзіңізге мықты денсаулық, ұзақ та, бақытты ғұмыр тілеймін.

Бас редактор Омаров Қали Әбдіұлы: 1. Анам Жүсіпбекқызы Шәмшия (18.03.1929 – 21.01.2006) Жалағаш ауданының Аққыр ауылында дүниеге келген. 2-дүниежүзілік соғыс кезінде Қызылорда қаласында 4 сыныптық қана

білім алған. 1947 жылы менің әкеме тұрмысқа шығып, бар өмірін отбасының керегесі мықты, шаңырағын биік етуге арнап, 9 ұл-қыз өсіріп, 24 немеренің, 6 шөберенің қызығын көрді. Егер тірі болғанда осы көктемде 95 жасқа келер еді.

Ұзақ жылғы еңбегі үшін және көп балалы ана ретінде «Еңбек ардагері», «Ана даңқы», «Күміс алқа» медальдарымен марапатталды.

Тамырын тереңнен алған тектінің тұқымы (Сыр өңіріне белгілі Зарқұм бидің жалғыз немересі еді), асылдың сынығындай, қиындыққа қайыспас, қажырлы да жігерлі, сөзге берік тұлға болатын. Асыл Анам өр мінезді, намысқой, айбатты, қайратты, парасатына пайымы сай кісі болатын. Қандай да бір оң қасиеттерім болса, осы кісіден дарығаны күмәнсіз. Анам дайындаған ет, наурыз көже, май салынған нан сынды астардың дәмі аузымнан кетпейді.

2. Нағашым Зарқұм Қуанышұлы жасынан-ақ орынды да өткір сөзімен, дауда дес бермейтін оралымды тілімен көзге түскен. Жоқ-жітім жандардың мүддесін қорғаған ол 1918 жылы большевиктердің қолынан үрім-бұтағымен қоса қаза тапқан. 1978 жылы «Аққыр» ауылының маңында Зарқұм биге халық ескерткіші орнатты. Осы келелі істің басы-қасында Анам да білек сыбанып жүрген болатын. Елім деп өткен бабалардың рухына тағзым етіп, есімін ұлықтаудан артық өнеге жоқ мен үшін.

3. Анамды мектепте және университетте оқыған кездері



те оқыған кездері озат оқушы ретінде, еңбекке араласқаннан кейін қызметтік жетістіктеріммен қуанып жүрдім. Ренжіткен кездерім де болған шығар, есімде қалмапты. Есімнен кетпейтіні: өмірінің соңғы күндеріне дейін Зарқұм бабасының іздеусіз қалып бара жатқанына жүрегі сыздап өтті. «Шүкір, бабам күткен Тәуелсіздікке қолымыз жетті! Ел мүддесі үшін құрбан болған есіл ерді іздейтін, еңбектерін паш етіп, есімін ұлықтайтын күн туды. Неге қимылдамайсыңдар! Мен жалғызбын, басқа маңдай тірейтін бауырым жоқ! Үмітім – құрсағымнан шыққан өздеріңсіңдер!» деп, тебіренгенін талай рет естідім. Күрсінгенде көкірегі қарс айырылатын. Ақыры арманына жете алмаған күйі бақилыққа аттанды. Анамды жер қойнына беріп тұрып, аманатын орындауға серт еттім. Оның айтқанын көзі тірісінде орындай алмаған мен дереу іске көштім. Тынбай ізденгенімнің арқасында 2011 жылы Қызылорда қаласының Титов қыстағындағы көшелердің біріне Зарқұм Қуанышұлының есімі берілді. Анамның бір аманатын орындағаным рас болса да, Анамның ақ сүтінің бір тамшысын болса да ақтай алдым ба екен?! деген сұрақ мені жиі мазалайды.

4. «Анаңды Меккеге үш рет арқалап апарсаң да, қарызын өтей алмайсың» деген сөз – рас. Нағыз ақиқат. Небір жақсы-жайсаңдар, ғұлама-оқымыстылар, суырып салма шешендер, акын-жазушылар, өнер саңлақтары Ана тақырыбына қанша қалам тербесе де, шегіне жеткен жоқ. Жете алмайды да. Өйткені Ана адамзаттың бесігін тербетеді ғой. Тірлігіміздің, қажыр-қайратымыздың, жасымас жігеріміздің, сарқылмас шабытымыздың мөлдір бастауы-ақ жаулықты Аналарымыз аман болсын!

Аналарымыз, қарындастарымыз, қыздарымыздың жан-дүниесінде үнемі көктем болғанын қалаймын. Әр күндеріңіз таңғажайып сәттер мен қуанышты жаңалықтарға толы болғай!

– Рахмет, ағай. Сіздің де бүгінгі туған күніңіз құтты болсын!

Дайындаған: Р.Садуова

Жоспарлау – өмірде өте қажет дағды



Шегенова Айжан Әріпжанқызы

Университетіміздің түлектері еліміздің түкпір-түкпірінде, тіпті, шет мемлекеттерде де қызмет етіп жүргенін әрдайым айтып келеміз. Білім ордасынан сусындап шыққан түлектердің алған білімдерін елдің даму жолында жүзеге асырып жүргені, әлбетте, университет үшін зор мәртебе. Осындай университетіміздің мақтан тұтар түлектерінің бірі «Bank Freedom Finance Kazakhstan» АҚ Астана қаласындағы филиал директорының орынбасары Шегенова Айжан Әріпжанқызы. Ол университет қабырғасында жүргенде-ақ өзінің алғырлығымен, белсенділігімен, білімге деген құштарлығымен, табандылығымен, әрбір іске асқан жауапкершілігімен ерекшеленіп тұратын. Сол қасиеттерінің арқасында қызметте де жоғары жетістіктерімен көрініп келеді. Сәті түсіп Айжан Әріпжанқызымен сұхбаттасқан едік. Әңгімемізді арнайы «Сыр түлегі» газетінің оқырмандары назарына ұсынамыз.

- Айжан Әріпжанқызы, университетте алған біліміңіздің өмір жолыңызда тигізген игілігі қаншалықты?

- Мен университетті «Банк ісі» мамандығы бойынша бітірдім. Дипломымды алуға бір ай уақыт қалғанда 100-ден астам үміткердің арасында «Халық банкі» АҚ-да ЕҚДБ жүйесі арқылы шағын бизнесті несиелендіру бойынша конкурстан өтіп еңбек жолым бірден мамандығым бойынша басталды. Жұмыс барысында жоғары оқу орнында «жоғары математика», «экономикалық теория», «қаржы және несие» пәндері бойынша алған білімімнің көп көмегін тиді. Сондай кездері университетте әр тақырыпты тереңірек зерттеп, меңгергеніме қуанатынымын.

- Жоғары білім алу барысында болашақ өміріңізге әсер еткен оқытушылар болды ма?

- Әлбетте, бұл тұрғыда «Қаржы» кафедрасы және экономика факультетіндегі оқытушыларымызға алғысым шексіз. Атап айтқанда, Дүзелбаева Гүлшат Берікбайқызы, Жрауова Құралай Серікқызы, Айтуған Айзада, Ысқақов Қарқынбай секілді ұстаздарымның тек мақсатты білім беріп қана қоймай, өмір жолымның қалыптасуында пайдалы болған ақыл-кеңестерін бойымызға сіңіргені үшін ризашылығым орасан. Ұстаздарымызға зор денсаулық, ұзақ ғұмыр, еңбектеріне шығармашылық табыс тілеймін!

- Сізді басшылық қызметке әкелген қандай дағдылар мен тәжірибелерді атап айтар едіңіз?

- Былай айтайын, менің таңдау жасаған мамандығым өмірге деген көзқарасыммен, өзіндік

ұстанымдарыммен үндеседі. Айталық, қаржыда жоспарлау маңызды. Ал, күнделікті өмірде бұл өте қажетті дағды. Яғни, менің қарапайым маманнан басшылық лауазымға дейін өсуіме, елдегі екінші деңгейлі ірі банктерде қызмет етуіме көмектескен негізгі қасиеттер: жоспарлау, іске адалдық, көпшілік болу және еңбекқорлық.

«Жалғыз жігіт би болмас» дегендей, сәттілік – топтық спорт дер едім.

- Жақсы басшыға қандай қасиеттер қажет? Қызметкерлерге қалай үлгі көрсетесіз?

- Меніңше, басшы «жақсы» болмауы керек. Әріптестерге әрқашан үлгі болу қажет деген ойды құптаймын. Кез-келген ұжым көшбасшыларына қарап, үлгі алады. Менің жолымның болғаны – өршіл, талапшыл басшылардың мектебін көрдім. Сондай мықты жетекшілерден үйрене жүріп мол тәжірибе алдым.

Әйтсе де, бүгінгі таңда басқару талаптары айтарлықтай өзгерді. 2000-шы жылдардағы жұмыс тәсілдері қазірде ескірген, жаңа көзқарасты талап етеді. Сондықтан мен тиімді басқару, командамен жұмыс жасау және жеке қасиеттерді шыңдау бойынша үнемі үйреніп, білімімді жаңартып отыруға тырысамын.

- Көшбасшы ретінде сіз кездескен ең қиын сынақ қандай болды, оны қалай жеңдіңіз?

- Банк саласында сәт сайын жедел шешімдерді қажет ететін міндеттермен бетпе-бет келуге тура келеді. Сондықтан да шешілмейтін мәселе жоқ, әрқашан туындаған жағдайдан шығудың жолы бар екеніне мойынсұнамыз. Ең сындарлы сәттерде топ болып талқылау, бірлескен оңтайлы шешім қабылдаудың тиімділігі зор.

- Жеке өміріңіз жұмысыңызға әсер еткен уақытта мәселені қалай шешкеніңіз жөнінде әңгімелеп бере аласыз ба?

- Жолдасым да банк қызметкері. Әріптес ретінде танысып, міне, 18 жыл уақыт бақытты отбасын құрып, сүйкімді үш перзент тәрбиелеп отырмыз.

Банк саласындағы қызметтің бір ерекшелігі – жұмыс уақыты тұрақсыз, шұғыл шешілуге тиіс мәселелердің аяқ астынан туындауы. Әсіресе басшылық осындай талаптарға 100% үлгеріп, үнемі үйреніп, өз құзыреттерін дамытуы тиіс. Мұндай сәттерде отбасының түсіністігі мен қолдауы өте маңызды.

- Қызметкерлерді ынталандыратын ең сәтті әдістеріңіз қандай?

- Қазір бәсекелестер бұрынғыдай адамдар емес, жасанды интеллект. Алдағы цифрландыру дәуірі адамдардан жұмысқа басқаша көзқарасты, өзара ынтымақтастықты және командалық рухты талап етеді.

Сол себептен, нәтижелі жұмыс үшін мен ұжымда жанашылдықты, креативті, жаңа бастамаларды, жүктелген міндеттерге шығармашылық көзқарасты ынталандырамын. Әріптестерімнің қызметтік міндеттерінен басқа ұжымға жан-жақты үлес қосу әлеуетін ашуға тырысамын. Осылайша жоғары нәтиже көрсетіп, мансап сатысында көтерілетін жаңа тұлғаларды дайындаймыз. Ең бастысы, олардың банкте жұмыс істеуге деген ынта-ықыласы артады.

- Бос уақытыңызды қалай өткізесіз?

- Үш баланың анасы болғандықтан бос уақытымызды мүмкіндігінше отбасымызбен бірге таза ауада серуендеп, спортпен шұғылданып, кинотеатрға, циркке барып демалуға тырысамыз. Сонымен қатар, іскерлік әдебиеттерді оқуға уақыт арнаймын.

Сұхбаттасқан: Г.Дүзелбаева

ҒАШЫҚПЫН КӨКТЕМ!

Ғашықпын көктем сылдыры бұлақ үніне,
Қызарып өскен қырдағы қызыл гүліне.
Ғашықпын елім, аймалап ашар құшағын,
Күлімдеп тұрып нұр шашар алтын күніне.

Ғашықпын көктем, аққулар қонған айдынга,
Бағасы қымбат теңіздің, көлдің, сайдың да.
Ғашықпын саған, жарамды емдер жалғанда,
Қараңғы түнде жарығы-шуақ, айдың да.

Ғашықпын көктем, қызарған күннің нұрына,
Келбетің күнде айналған елдің жырына.
Ғашықпын жерім, ыстығын аңсар ақындай,
Жүрмін ғой менде жүрекпен қайта жылына.

Ғашықпын көктем, шағала қонар шатқалға,
Асықтым лезде асуға, қырат, қапталға.
Ғашықтық сырмен көгіңе қарай көсіліп,
Самалмен естім көгөрай, күлгін шақтарға.

АНА-ЖАНЫМ

Адамдықтан, ардан да құлатпаған,
Тәңіріме кей-кейде жылап та алам.
Баласы үшін қол жайып дұғасында,
Сағынып жүрген шығар, жырақта Анам...

□
Кім сағынсын, ойласын балаңды кім,
Сен болмасаң мұңлымын, қараңғымын.
Кілт іздеймін астынан Анашым-ау,
Мен үшін деп тоздырған табаныңның.

□
Жымыспен жасырған жанарыңды,
Өміріме етемін, қарап үлгі!
Жалғыздың уайымдап жүрсің бе екен,
Көп сұрайсың хәлімді, хабарымды...

□
Балаң үшін сарғайдың, айың жүдеп,
Қазір ғана ұқтым-ау жайыңды кеп.
Жаратқанға қол жайып жүрсің Ана,
Жырақтағы балаңның жайын тілеп.

□
Биікпін мен, сен барда тауда күшім,
Жүрегімнің жып-жылы жалғауысың.
Ауырсаң да өзгере саласың сен,
Өз балаңды уайымға салмау үшін!

□
Өстім Ана, бәрін де сараладым,
Сен екенсің жалғызым, жан адамым.
Мен сен үшін өмірдің мәні болсам,
Сен мен үшін өмірсің, Ана-Жаным!

Амангелді Зейнеп

КЯЛ-20-1 оқу тобының студенті

Құрылтайшы: Қорқыт Ата атындағы
Қызылорда университеті
Газет Қазақстан Республикасы
Ақпарат және қоғамдық даму
министрлігі Ақпарат комитеті тексеріліп,
№КЗ29VPY00077786 куәлігі берілген.

Бас редактор:
Қ.Ә.Омаров

АҚЫЛДАСТАР АЛҚАСЫ:

Б.С.КӘРІМОВА -
Қорқыт Ата атындағы Қызылорда университетінің
Басқарма Төрағасы-Ректоры
М.Ә.БӨРІБАЕВА -
Басқарма мүшесі-Ғылыми жұмыстар және халықаралық
байланыстар жөніндегі проректор
Ж.Н.БАЗАРТАЙ -
әлеуметтік және тәрбие жұмыстары жөніндегі проректор
Г.ДҮЗЕЛБАЕВА
Түлектер қауымдастығының төрайымы

Жауапты хатшы:

Раушан
Кенжетайқызы

Техникалық редактор:
Асқар
Алданышұлы

SYR TULEGI
student jastar gazetі

1992 жылдан мамырынан бастап шығалы
Жарияланған мақаладағы автордың
пікірі редакцияның көзқарасын
білдірмейді. Редакцияға түскен қолжазба
қайтарылмайды. «Сыр түлегіне»
жарияланған мақала көшіріліп басылса,
сілтеме жасалуға міндетті.